



**«R-FINANCE» МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ  
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС  
ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

**Эмитенттің толық атауы:** *«R-Finance» Микроқаржы ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестік*

**Эмитенттің қысқартылған атауы:** «R-FINANCE» МҚҰ» ЖШС

«Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.»

**Астана қ., 2023 жыл**

## 1 Тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат.

### 1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

#### 1) Эмитентті бастанқы мемлекеттік тіркеу күні;

«R-Finance» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Эмитент» немесе «R-Finance» МҚҰ» ЖШС) алғашқы мемлекеттік тіркеу күні – 9 қазан 2017 жыл.

#### 2) эмитенттің мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда);

Эмитенттің мемлекеттік қайта тіркеу күні – 28 маусым 2022 жыл.

#### 3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы;

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«R-Finance» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	«R-Finance» МҚҰ» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Микрофинансовая организация «R-Finance»	ТОО «МФО «R-Finance»
Ағылшын тілінде	Қарастырылмаған	Қарастырылмаған

#### 4) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі:

2020 жылдың 06 мамырына дейін Эмитенттің бұрынғы толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Автоломбард «Р-Финанс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Автоломбард «Р-Финанс» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Автоломбард «Р-Финанс»	ТОО «Автоломбард «Р-Финанс»
Ағылшын тілінде	Қарастырылмаған	Қарастырылмаған

#### 5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ.

*б) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген (қайта тіркелген) күні, орналасқан жері және пошта мекенжайлары көрсетіледі;*

Ағымдағы Проспектінің дайындық күніндегі жағдай бойынша Эмитенттің 15 филиалы бар:

№	Филиал	Филиалдың нақты орналасқан жері, тіркеу куәлігі
1	Шымкент қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	28.09.2020 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141021493 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 160019, Шымкент қ., Республика даңғылы, 12.  Директор: Кулбаева Назкен Шарахимовна.
2	Қостанай қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141007329 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 115, 16 кеңсе.  Директор: Бектенбаев Жанат Арнаевич.
3	Орал қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141012910 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қ., Ихсанова көш., 109.  Директор: Курматов Турарбек Макарович.
4	Алматы қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141024963 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 050000, Алматы қ., Алматы облысы, Гагарин көш., 132, 108 т.е.ү.-ж.  Директордың атқ.орг.: Ауелханов Ерлан Сейлханович.
5	Ақтау қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 180741015455 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 6 шағын аудан, 39а ғимарат, 206 кеңсе.  Директор: Омирзаков Женис Жумабаевич.
6	Атырау қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141009167 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Жарбосынова көш., 89а.  Директор: Ахмедьяров Нурпеис Уразович.

№	Филиал	Филиалдың нақты орналасқан жері, тіркеу куәлігі
7	Астана қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 1711410284470 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 010000, Астана қ., Алматы ауданы, Түркістан даңғылы, 10. Директордың м.а.: Сагишев Ерлан Сакипкереевич.
8	Қызылорда қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	19.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141012424 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 120016, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Қорқыт-Ата 7, вп.57. Директор: Узакбаев Нурболат Ерболатұлы.
9	Семей қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 180941026096 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 071400, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Шоқана Уәлиханов көш., 124, 201 каб. Директор: Мухамадиев Ернат Нурланович.
10	Ақтөбе қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	18.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141009474 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Әбілқайыр хан көш., 53. Директор: Юрченко Анатолий Васильевич.
11	Павлодар қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	19.02.2022 бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 180841001929 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қ., Сәтбаев 97, «Арбат» БО, 12 кеңсе. Директор: Ахмиров Рустам Саматович.
12	Қарағанды қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	21.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141012800 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 100017, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Нуркен Абдиров көш., 19, 6 т.е.ү.-ж. Директор: Кадырова Ильмира Зуфаровна.
13	Тараз қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	21.02.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік Бизнес сәйкестендіру нөмірі 171141011882 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 080012, Жамбыл облысы, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 123. Директор: Миртурсунов Мирагзам Рустамович.



№	Филиал	Филиалдың нақты орналасқан жері, тіркеу куәлігі
14	Петропавл қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	23.07.2021 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 210741025831 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, 150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Абай көш., 63. Директор: Рощупкина Ирина Сергеевна.
15	Өскемен қ. «R-Finance» МҚҰ» ЖШС филиалы	25.08.2022 жылдан бастап филиалды тіркеу туралы куәлік. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 220841046295 Филиалдың орналасқан жері: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Виноградов көшесі, 5 үй, 32 т.е.ү.-ж. Директор: Буржумбаева Альбина Саламатовна

**7) эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі;**

БСН 171040011328.

**8) ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса):**

Legal Entity Identifier коды жоқ.

**2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының, факстың нөмірлері және электрондық поштаның мекенжайы, сондай-ақ эмитенттің нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген эмитенттің орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайда нақты мекенжайы көрсетілген эмитенттің орналасқан жері.**

Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Александр Пушкин көшесі, 75 үй
Нақты мекенжайы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Мухамедханов көшесі, 5, БЦ Centro, 2 этаж
Телефон	+7 708 425 02 02
Электронды пошта	office@r-finance.kz
Корпоративтік интернет-сайт	www.r-finance.kz

**2 Тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер**

**3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

1	Облигациялардың түрі. Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса,	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі - "Облигациялар")
---	--	---

	бұл туралы мәліметтер көрсетіледі	
2	Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	1 000 (бір мың) теңге
3	Облигациялардың саны	3 000 000 (үш миллион) дана
4	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	3 000 000 000 (үш миллиард) теңге
5	Облигацияның номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.	<p>Облигациялардың номиналды құн валютасы – теңге.</p> <p>Барлық төлемдерді (купондық сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) эмитент теңгемен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдер облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде облигацияларды ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда теңгені АҚШ долларына айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Теңгені АҚШ долларына айырбастау облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары облигация ұстаушыға аударылатын сомадан ұсталатын болады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>

#### 4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі.

Облигациялар қолма-қол ақшасыз формада төленеді. Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есеп айырысу тәсілдері сауданы ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### 5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1	<p>Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері.</p> <p>Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздері көрсетіле отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.</p>	<p>Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген мамандандырылған саудасаттықтарды өткізу қорытындылары бойынша мамандандырылған сауда-саттық барысында айқындалған кесу мөлшерлемесі ретінде айқындалатын болады.</p> <p>Облигациялар бойынша қосымша сыйақы төлеу көзделмеген.</p>
2	<p>Сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде облигациялар айналысының басталған күнінен бастап ай сайын, жылына 12 (он екі) рет жүргізіледі.</p>
3	<p>Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн</p>	<p>Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде – облигациялар айналысының бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін жүзеге асырылады.</p>
4	<p>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі</p>	<p>Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Бекітілген күн») Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.</p> <p>Сыйақы төлеу тіркелген күннен кейінгі күннен</p>

		<p>бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Әрбір облигация ұстаушыға төленетін купондық сыйақы сомасы тиісті облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған облигациялардың номиналдық құнының және купондық сыйақының айлық мөлшерлемесінің (облигациялар бойынша купондық сыйақының он екіге бөлінген жылдық мөлшерлемесі) көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады. Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.</p>
5	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу айналымның бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізілетін болады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару барысында жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік несінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;

3) бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын инвестициялық басқарумен, жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен байланысты;

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы емес.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруда секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:**



1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;

5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама проспектісінде көрсетіледі);

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі.

Эмитент арнайы қаржы компаниясы емес.

**3 Тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысқа жіберу, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4 баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары.**

#### **8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

1	Облигацияларды орналастырудың басталған күні	Облигацияларды орналастырудың басталған күні - облигациялардың айналысы басталған күн.
2	Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні	Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні - облигациялар айналысының соңғы күні.
3	Онда облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)	Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылады.

#### **9. Облигациялар айналысының талаптары және тәртібі:**

1	Облигациялар айналысының басталу күні	Облигациялар айналысының басталу күні - биржа ережелеріне сәйкес өткізілетін облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн.  Облигациялар айналысының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ ( <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> ) интернет-ресурсында жарияланады.
2	Облигациялар айналысының аяқталу күні	Облигациялардың айналысының аяқталу күні - облигациялар айналысы кезеңінің соңғы күні.

3	Облигациялар айналысының мерзімі	Облигациялардың айналыс мерзімі - облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жыл
4	Облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)	Облигациялар айналысы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жоспарланады.

#### 10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

1	Облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды)	Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.
2	Облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімінсіз облигациялар шығарылған жағдайда толтырылмайды)	<p>Облигациялар айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін теңгемен номиналды құны бойынша өтеледі. Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ – да (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа, облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып аударарды. облигациялардың әрбір ұстаушысына төленуге тиісті сомаға. Орталық депозитарий облигацияларды өтеуге арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен облигацияларды ұстаушылардың осы банк шоттарына аударуды жүзеге асырады. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша төлемдер облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шот болған кезде облигацияларды ұстаушылар тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Эмитент облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтінішті тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда теңгені АҚШ долларымен</p>

		<p>айырбастауға жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Теңгені АҚШ долларымен айырбастау облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі. Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары облигация ұстаушыға аударылатын сомадан ұсталатын болады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
3	<p>Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлктік құқықтармен жүргізілетін болса, осындай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.</p>	<p>Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлктік құқықтармен жүргізілмейді.</p>

**11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:**

1	<p>Облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары</p>	<p>Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Эмитент өзінің облигацияларын айналыстың бүкіл мерзімі ішінде ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған нарықтарда толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы:</p> <p>ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі тауар-сатып алу күніне биржада сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;</p> <p>ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі тауар – Эмитент және эмитент сатып алған кезде өзіне тиесілі</p>
---	--	--

		<p>облигацияларды сатуды жоспарлайтын облигацияларды ұстаушы келіскен баға бойынша.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпайды.</p> <p>Эмитент жалғыз қатысушының шешімі облигацияларды ұстаушылардың назарына ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға хабарлама орналастыру арқылы жеткізілетін болады (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және қаржылық есептілік депозитарийі (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында, Биржаның ішкі құжаттарында және нормативтік-құқықтық актіде айқындалған тәртіппен, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада ақпаратты орналастыру тәртібін реттейді. Хабарламада облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары мен күні сипатталуы керек.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген деп саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.</p> <p>Орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент биржа алдында ашады (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес және қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актіде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.</p>
2	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері	<p>Эмитент жалғыз қатысушы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда, эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сатып алуды жүргізеді.</p>

#### 4 Тарау. Ковенанттар (шектеулер) бар болса

**12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:**

1	Эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы	<p>Эмитент Биржаның листингтік комиссиясының айналысы ұйымдасқан нарықта жоспарланып отырған облигацияларды шығару проспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді (ковенанттарды) енгізу жөніндегі ұсынымдарын қабылдайды:* облигациялар эмитенті мен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеуге;</p> <p>* облигациялар эмитенті мен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге.</p>
2	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі	<p>Биржаның Листингтік комиссиясы ұсынатын қосымша шектеулердің (ковенанттардың) кез келгені бұзылған жағдайда, сондай-ақ эмитент Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461 Заңының 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда- II «бағалы қағаздар нарығы туралы» Эмитент бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде биржаның ресми интернет-ресурсында Ақпараттық хабарлама беру арқылы бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және интернет -қаржылық есептілік депозитарийінің ресурсында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>). Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, эмитенттің жалғыз қатысушысы осындай өтінішті алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте облигацияларды сатып алу күні Эмитенттің жалғыз қатысушысы</p>



		<p>облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей болуға тиіс.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Эмитент Эмитенттің жалғыз қатысушысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде биржаның ресми сайтында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>). ақпараттық хабарламада келесі мәліметтер: Сатып алынатын облигациялар саны;</li> <li>• Облигацияларды сатып алу күні;</li> <li>• облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);</li> <li>• Есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: <ul style="list-style-type: none"> <li>○ ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;</li> <li>○ ұйымдастырылған нарық үшін - облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау;</li> </ul> </li> <li>• Эмитенттің облигацияларды сатып алуын ұйымдастыруға қажетті басқа ақпарат.</li> </ul> <p>Сатып алуды Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Эмитент «бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461 - II Заңының 15-бабының 2-тармағында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған және эмитент осы</li> </ul>
--	--	---

		<p>даңғылдың 4-тарауының 12-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, сондай-ақ 1) және 2-тармақшаларда көзделген жағдайларда «бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4-бабы 2-тармағының негізінде Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша мынадай бағалардың ең үлкені бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті: жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде);</li> </ul> <p>* Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).</p>
3	Ковенанттар бұзылған кезде облигацияларды ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі	<p>Облигацияларды ұстаушылардың эмитент «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 02 шілдедегі №461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған және эмитент шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар, осы проспектінің 4-тарауының 12-тармағында көрсетілген. Облигацияларды ұстаушының осы тармақта көзделген облигацияларды сатып алу үшін негіздердің басталу фактісі туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің атына өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқығы бар.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш беруі тиіс:</p>

Заңды тұлға үшін:

- облигация ұстаушының атауы;
- бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, Берілген күні және беру органы;
- заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

Жеке тұлға үшін:

- облигация ұстаушының тегі, аты және Бар болса әкесінің аты;
- жеке сәйкестендіру нөмірі;
- құжатты берген нөмірі, күні және органы,
- жеке басын куәландыратын;
- тұрғылықты жері;
- телефондар;
- банк деректемелері;
- сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі.

Алғашқы жазбаша сатып алу талабын алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде эмитенттің жалғыз қатысушысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте облигацияларды сатып алу күні эмитентке жалғыз қатысушы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей болу тиіс.

Эмитентке жалғыз қатысушы облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент биржаның ресми сайтында хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың алдағы облигацияларын сатып алу күні туралы хабарлайды ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)).

Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

		<p>Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш бермеген облигацияларды ұстаушылардың облигациялар шығарылымының осы проспектісінде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылардың эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.</p>
--	--	--

**5 Тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау талаптары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)**

**13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:**

- 1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

*«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді.*

Бұл облигациялар шығарылымы конвертацияланатын болып табылмайды.

**6 Тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)**

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

- 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Бұл облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).**

Бұл облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекет кепілгерлігін беру туралы қаулысының деректемелері.**

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**7 Тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты**

**17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.**

1	Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары	Облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты Эмитент шығарылған микрокредиттер көлемін ұлғайту үшін, атап айтқанда, Эмитенттің бір өнімнен түсетін пайдасынан тәуекелдерді әртараптандыру, Эмитенттің кірістілігін арттыру және Эмитенттің қызметін нығайту мақсатында жаңа микрокредиттік өнімдерді шығаруға жұмсайды. Бұл ретте Эмитенттің жаңа өнімдерінің шарттарына сәйкес микрокредиттер кепілмен қамтамасыз етілетін болады, бұл Эмитенттің төмен тәуекелді шағын несиелеу саясатын жалғастыруда.
2	«Жасыл», әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі.	Қолданылмайды
	«Жасыл» облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген	Облигациялар «жасыл» емес



	<p>жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.</p>	
	<p>Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.</p>	<p>Облигациялар әлеуметтік емес</p>
	<p>Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын «жасыл» және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.</p>	<p>Облигациялар орнықты даму облигациялары емес</p>
	<p>«Жасыл», әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:</p> <p>қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент</p>	<p>Қолданылмайды</p>

<p>жүзеге асыратын ақпарат көздері;</p> <p>егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4- тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі.</p>	
<p>Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:</p> <p>эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;</p> <p>көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;</p> <p>эмитент оларға қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары;</p> <p>эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері.</p>	<p>Қолданылмайды</p>
<p>Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға жұмсалатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда осы жобаның қысқаша сипаттамасы беріледі.</p>	<p>Қолданылмайды</p>

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялар талап ету құқығымен төленбейді.

**8 Тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер.**

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) он немесе одан астам пайызын иеленген құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін);	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;	Эмитенттің құрылтайшысы немесе ірі акционері (қатысушысы) дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан астам пайызына ие бола бастаған күні.
Ни Наталья Юрьевна	100%	28 маусым 2022

**9 Тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер.**

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Соңғы үш жылдағы және қазіргі кездегі лауазымдар хронологиялық тәртіпте
Жоғары орган - Жалғыз қатысушы	

<p><b>Ни Наталья Юрьевна</b></p> <p>Сайланған күні: 28.06.2022ж.</p>	<p>- 2009 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - "ROKOS GROUP GLOBAL" ЖШС аға менеджері;</p> <p>- 2012 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Қарағанды Food Trade" ЖШС құрылтайшысы;</p> <p>- 2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - "R-Finance" МҚҰ ЖШС құрылтайшысы.</p>
<p><b>Бақылаушы орган – Бақылау кеңесі</b></p>	
<p><b>Ни Константин Аркадьевич</b></p> <p>Сайланған күні: 21.06.2021ж.</p>	<p>- 2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - "ROKOS LOGISTICS" ЖШС директоры;</p> <p>- 2019 жылғы маусымнан 2021 жылғы маусымға дейін - еңбек қызметін жүзеге асырған жоқ;</p> <p>- 2018 жылғы маусымнан 2019 жылғы маусымға дейін - "Автоломбард" Р-Финанс " ЖШС Басқарушы директоры;</p> <p>- 2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін - "ROKOS GROUP GLOBAL" ЖШС құрылтайшысы.</p>
<p><b>Ни Наталья Юрьевна</b></p> <p>Сайланған күні: 21.06.2021ж.</p>	<p>- 2009 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - "ROKOS GROUP GLOBAL" ЖШС аға менеджері;</p> <p>- 2012 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - "Қарағанды Food Trade" ЖШС құрылтайшысы;</p> <p>- 2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - "R-Finance" МҚҰ ЖШС құрылтайшысы.</p>
<p><b>Ни Анжелика Аркадьевна</b></p> <p>Сайланған күні: 21.06.2021ж.</p>	<p>- 2007 жылғы наурыздан бастап қазіргі уақытқа дейін - "La Brioché" ЖШС құрылтайшысы.</p>

**3. Эмитенттің Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің Байқаушы кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;**

Наталья Юрьевна Эмитенттің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесіне тиесілі. Ни Наталья Юрьевна Эмитенттің Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады. Бақылау кеңесінің қалған мүшелері – Ни Константин Аркадьевич те, Ни Анжелика Аркадьевна да Эмитенттің жарғылық капиталында үлестері жоқ

**4. Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесі немесе Байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға**

*қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.*

Қолданылмайды, өйткені Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді ұйымдары жоқ.

**21. Алқалы орган немесе эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:**

<b>Атқарушы орган – Бас директор</b>	
1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Ни Роман Аркадьевич
2) атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктерін және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі кездегі еңбек қызметі туралы мәліметтерді хронологиялық тәртіппен көрсете отырып, сайлау күні.	Сайланған күні: 2023 жылғы 13 сәуір.  Бас директордың өкілеттіктері:  1) Серіктестік қызметіне ағымдағы басшылықты және оның істерін жүргізуді жүзеге асырады.  2) Эмитент атынан өзіне берілген өкілеттіктер шегінде сенімхатсыз әрекет етеді, оның мүддесін білдіреді.  3) Эмитент атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді, оның ішінде ауыстыру құқығымен сенімхаттар береді, ақшалай қаражатқа билік ету құқығын пайдаланады.  4) ең жоғары лауазымды адам болып табылады;  5) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты штаттарды бекітеді, еңбекақы төлеу жүйелерін айқындайды, лауазымдық жалақыларының мөлшерін белгілейді, оларды көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;  6) Қатысушылар белгілеген шекте Эмитенттің мүлкіне билік етеді;



	<p>7) Серіктестік Жарғысымен бекітілуі қатысушылардың құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, эмитенттің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, регламенттерді, нұсқаулықтарды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекітеді.</p> <p>Соңғы 3 жылдағы еңбек қызметі:</p> <p><b>Ни Роман Аркадьевич</b></p> <p>2020 жылдың мамырынан бастап 2022 жылдың маусымына дейін «МФО «R-Finance» ЖШС Құрылтайшысы;</p> <p>2020 жылдың мамырынан бастап қазіргі уақытқа дейін «МФО «R-Finance» ЖШС Бас директоры;</p> <p>«Автоломбард Р-Финанс» ЖШС құрылтайшысы және Бас директоры 2017 жылдың қазаннан бастап 2020 жылдың мамырына дейін.</p>
<p>3) эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталдағы үлестердің дауыс беретін акциялардың немесе акциялардың жалпы санына пайызы. эмитенттің жарғылық капиталында</p>	<p>Төленген жарғылық капиталға қатысу үлесі жоқ</p>

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқаша атауы, оның орналасқан жері;
- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек жолы туралы мәліметтер;
- 4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;

*5) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.*

*Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.*

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) ауыспады.

**10 Тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері.**

### **23. Эмитент қызметінің түрлері:**

#### **1) негізгі қызметі:**

Эмитенттің Жарғысына сәйкес, эмитентті құрудың мақсаты таза кіріс алу, сонымен қатар шағын және бизнесті дамыту және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және басқа да ішкі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қарыз алушыларға микрокредиттер беру арқылы халықтың әл-ауқатын жақсарту болып табылады.

Эмитент қызметінің мәні – жеке қаржы құралдары ұйымдарының жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңмен сәйкес қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде кепілмен немесе оңсыз микрокредиттер беру жөніндегі қызметі.

Эмитент келесі қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

1. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері еместерінен несиелер тарту;
2. Меншікті активтерді бағала қағаздарға және басқа қаржы құралдарына салу;
3. Микрокредиттер беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
4. Меншікті мүлікті жалға беру (жалға алу);
5. Лизингтік қызметті жүзеге асыру;
6. Ақпараттық тасымалдаушылардың кез-келген түрлері бойынша микроқаржы ұйымдарының қызметі туралы арнайы әдебиеттерді енгізу;
7. Төлем агенті мен төлем субагентінің функцияларын орындау;
8. Сақтандыру агенттері ретінде әрекет ету;
9. Факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын алу;
10. Факторингтік операциялары: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын алу;
11. Форфейтинг операциялары (фофейтинг): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының векселді сатышға айналымсыз вексель сатып алу арқылы төлеуі;
12. Ақшалай нысанда орындалуды көздейтін кепілдіктер, кепілдіктер және басқа міндеттемелер беру.

2) маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы;

Эмитент жеке тұлғаларға кепілмен кепілдемесі бар қысқа мерзімді микрокредиттер беру жөніндегі микроқаржы ұйымының қызметін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде жүзеге асырады. Әрекет маусымдық емес.

3) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

